



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B011600	«География»	1. Педагогика 2. Географияны оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Жаратылыстану

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Географияны оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Жаратылыстану

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Білім берушілік іс-әрекет субъектілері:

- A) оқушы
- B) ғалым және басқарушы
- C) қоғам
- D) отбасы және мектеп
- E) білім беру мекемелері
- F) білім беру жүйесі
- G) мұғалім

2. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) педагог
- B) даралық
- C) білім
- D) адам
- E) индивид

3. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) В.А. Слостенин, Н.В. Кузьмина
- B) Н.Д. Хмель, К.Д. Ушинский
- C) А. Дистервег, В.А. Слостенин
- D) К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой
- E) Л.Н. Толстой, Н.Д. Хмель
- F) Х.А. Коменский, Джон Локк
- G) Ж.Ж. Руссо, А. Дистервег

4. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Әлеуметтік тәрбие
- B) Адамгершілік тәрбиесі
- C) Экономикалық тәрбие
- D) Мемлекеттік тәрбие
- E) Қоғамдық тәрбие
- F) Азаматтық тәрбие
- G) Еңбек тәрбиесі

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) ой қабілеттерін дамыту
- B) эстетикалық білімдер беру
- C) еңбек қабілеттілігін арттыру
- D) ағзаны шынықтыру
- E) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- F) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту

6. Тәрбие ерекшеленеді:

- A) дискреттілігімен
- B) бір мерзімділігімен
- C) көпфакторлығымен
- D) ұзақтығы және үздіксіздігімен
- E) қысқалығымен
- F) екі жақтылығымен
- G) жоспарға бағынбауымен

7. Дүниетаным - бұл:

- A) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі
- B) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- C) Қоғамның жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- D) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі
- F) Ақиқатты дүниеге деген көзқарастар жүйесі

8. Тәрбие бағыттары:

- A) әділдік-сыпайылық, шыншылдық
- B) кәсіби-бағдарлық, экологиялық
- C) әдеби-шығармашылық
- D) шыдамды-төзімділік, имандылық
- E) азаматтық-патриоттық, экономикалық
- F) рухани-адамгершілік

9. Білім мазмұны дегеніміз:

- A) Оқушылардың дүниетанымдық және адамгершілікті-эстетикалық идеялар жүйесін меңгеруі
- B) Оқыту құралдарының мазмұны мен сапасы
- C) Оқушыларды білімділікке, тәрбиелікке үйрету және дамыту
- D) Оқушылардың ақыл-ой, танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту үдерісі
- E) Оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісі

10. Тәрбие формаларын жіктеу белгілері:

- A) жұмыс түрлері
- B) институционалдық белгі
- C) тәрбие түрі
- D) тәрбие бағыты
- E) қатысушылар құрамы
- F) басқару стилі

11. А.С. Макаренко бойынша ұжымның даму принциптері:

- A) Жариялылық, жауапты бағынушылық
- B) Гуманизм, альтуризм
- C) Басқалардың пікірін құрметтеу
- D) Өз тәжірибенді тәрбиелеуде қолдану
- E) Жұптық іс-әрекет
- F) Перспективті бірізділік

12. Сынып жетекшісінің оқушыларды зерттеу әдістері:

- A) Бақылау
- B) Тәжірибені қарастыру
- C) Контент талдау
- D) Жағдаятты талдау
- E) Жеке дара және топтық әңгімелесу

13. Тәрбиеде ата-аналардың жіберетін негізгі қателіктері:

- A) Мінез-құлық ерекшеліктері
- B) Мектеп пен жанұяның ынтымақтастығы
- C) Насихат, жазғыру, ұрсу
- D) Жұмыс бастылық
- E) Педагогикалық сауатсыздық

14. Оқу бағдарламасының мазмұндық құрылысы:

- A) Мазмұны қиындық дәрежесі жағынан алдыңғыдан жеңіл болады
- B) Бұрынғы материалдардың логикалық жалғасы болып табылады
- C) Оқыту материалдары оқушылардың жас ерекшелігіне сай болады
- D) Оқу материалы қарапайымнан күрделіге ауысып отырады
- E) Өтілетін материалдар ашылып көрсетіледі және түсіндіріліп, талданады
- F) Оқыту материалының мазмұны қайталанып отырады
- G) Оқытудың өтілетін материалдары күрделеніп оқытылады

15. Білім беру стандарты:

- A) Білім беру саласын қамтиды
- B) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- C) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- D) Білім беру нормаларын анықтайды
- E) Оқу жоспарларын қолданады
- F) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- G) Оқыту деңгейін айқындайды
- H) Білім беру сапасын анықтайды

16. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерімен айналысқан зерттеушілер:

- A) В.И. Безруков
- B) В. Оконь
- C) В.В. Тихонов
- D) К.И. Дружинин
- E) М.В. Огородников
- F) И.Т. Волков

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- B) Жаңалықтар енгізу үшін
- C) Білім сапасын арттыру үшін
- D) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- E) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- B) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- C) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- D) Жалпы нәтижелердің болуы
- E) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- F) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- G) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- B) Бағыттауды
- C) Оқу жоспарын
- D) Жүйелеуді
- E) Тұлға болмысын
- F) Диагностикалауды
- G) Басқаруды

20. Қалыптастырушы тұғырдағы тәртіп үлгісі:
- A) Бағалау
 - B) Білімді бекіту
 - C) Қайталау
 - D) Мақсаттылық
 - E) Түсіндіру
 - F) Үлгі көрсету
21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:
- A) Тәжірибені меңгерудің ғылыми сипаттамасы
 - B) Нәтижелілік деңгей
 - C) Психологиялық негіз
 - D) Әдіснамалық деңгей
 - E) Әдістемелік негіз
22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:
- A) педагогикалық технологияларды іріктеуге қатысады
 - B) білім беру кеңістігін сақтауды қамтамасыз етеді
 - C) білім беруді реттеуді қамтиды
 - D) азаматтардың толыққанды, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді
 - E) оқыту әдістерін таңдауға ықпал етеді
23. Басқаруда басшылыққа алатын ақпараттар:
- A) Прагматикалық
 - B) Ақпараттық
 - C) Бағалаушылық
 - D) Шолушылық
 - E) Аналитикалық
24. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың мәні:
- A) Педагогикалық ақпарат түрлеріне сипаттама
 - B) Педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтеру тәсілі
 - C) Педагогтардың жетістіктерін бағалау әдісі
 - D) Маман шеберлігінің деңгейін анықтау
 - E) Педагогикалық деректерге басшылық
 - F) Мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі

25. Мұғалімдерді аттестациялаудың принциптері:

- A) Бірізділік
- B) Сауаттылық
- C) Жүйелілік, тұтастық
- D) Қабілеттілік
- E) Адамгершілік
- F) Тәрбиелік

**Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Географияны оқыту әдістемесі

1. Жаратылыстану пәні курсының негізгі бөлімдері:

- A) Атмосфера – Жердің ауа қабығы
- B) Жер және ғарыштық кеңістік
- C) Табиғи құбылыстар
- D) Ғаламшардағы тіршілік
- E) Әлеуметтік жүйе
- F) Биосфера тіршілік ортасы
- G) Табиғаттағы денелер мен заттар

2. Географияны оқытуда жобалау әдісіндегі қалыптасатын оқу дағдылар:

- A) Жүйелік құрылымдық
- B) Қажетті ақпаратты жинау және саралау
- C) Жобаның зерттеу мақсатын айқындау
- D) Жүйелі үлгілеу
- E) Сәйкессіздендіру
- F) Зерттеуге мақсатты бағдарлама әдісін қолдану

3. Географияны оқытуда топтық жұмыс жүргізу мақсаттары:

- A) Эмоционалдық
- B) Психологиялық даму
- C) Физикалық - географиялық
- D) Пән бойынша білімді игеру
- E) Жеке тұлға ерекшеліктерін анықтау

4. Географияны оқыту әдістемесі байланысатын ғылымдар:

- A) Технология
- B) Педагогика
- C) Физика
- D) Психология
- E) Тарих

5. Орта сынып оқушыларына географиялық ұғымдарды қалыптастыру компоненттеріне жатады:

- A) Мазмұндық
- B) Экологиялық
- C) Географиялық заңдылықтар
- D) Эстетикалық
- E) Іс-әрекеттік
- F) Мотивациялық

6. «Қазақстанның физикалық географиясы» пәнінің тәрбие беру

мақсаттары:

- A) Әлеуметтік қалыптастыру
- B) Оқушылардың ынтасын арттыру
- C) Эстетикалық тәрбие беру
- D) Өзін-өзі тәрбиелеу
- E) Экологиялық тәрбие беру

7. Дамыған «үлкен жетілік» елдері:

- A) Франция
- B) Австрия
- C) Бразилия
- D) Италия
- E) Норвегия
- F) Швеция
- G) Жапония

8. Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы пәнінен оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру түрлері:

- A) Жаңа сабақты игеру
- B) Баяндамалар беру, орындалысын қадағалау
- C) Экономикалық, саяси үдерістерді терең меңгеру
- D) Рөлдік ойындар
- E) Хабарлама беру
- F) Мазмұнын тереңдету

9. Географиялық кабинеттегі топтамалар (коллекция) түрлері:

- A) Топырақ түрлері топтамасы және оның құрамы
- B) Атлас карталар
- C) Оқу-әдістемелік кешендер жинақтары
- D) Жануарлар тұлыптары
- E) Географиялық аспаптар
- F) Шөгінді жыныстарының макеттері

10. Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді болуы үшін баса назарға алынады:

- A) Оқу үрдісіндегі оқытушы белсенділігі
- B) Пән бойынша білімді игеру деңгейі
- C) Ақпараттардың аяқталған блогы
- D) Оқушы іс-әрекетінің бағдарламасы
- E) Психологиялық даму ерекшеліктері
- F) Жеке оқыту
- G) Жеке тұлға ерекшеліктері

11. Мұғалжар тауына берілетін сипаттама тәртібі:

- A) географиялық орны
- B) гидросферасы
- C) тектоникасы
- D) геологиясы, жер бедері, пайдалы қазбалары
- E) климаты, ішкі суы, табиғат зонасы

12. География оқулығының мәтінімен жұмыс жасаудағы шығармашылық іс-әрекет түрлері:

- A) Талдау негізінде сөйлем құрастыру
- B) Мәнерлеп оқып, жатқа айту
- C) Мәтінді оқып қысқаша конспект, тезис құрастыру
- D) Саралау негізінде сөз құрастыру
- E) Сөйлемді оқып шығу
- F) Талдау негізінде байқау жүргізу

13. «Сарыарқа» тақырыбын кіріктіру сабағы түрінде өткізу үшін қажетті пәндер:

- A) Құқықтану
- B) Этика
- C) Қазақстан тарихы
- D) Биология
- E) Химия
- F) Қазақ әдебиеті
- G) Физика

14. Сабаққа дайындық барысында мұғалім әрекетінің алгоритмі:

- A) Алынған мәліметтердің интерпретациясы
- B) Оқу тәлімін жіктеуге негіздеу
- C) Сабақты жақсы өткізуге мүмкіндік беретін ережелерді іздестіру
- D) Сынып оқушыларының ерекшелігін ескеру
- E) Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру
- F) Ата-аналармен байланыс қызметін анықтау

15. Экскурсияларда эстетикалық тәрбие беру үдерісі құралады:

- A) Табиғатты қорғау
- B) Экскурсанттарға алдымен табиғаттың әдемілігін көрсетіп қана қоймай, оның мазмұнын түсіндіру
- C) Экскурсанттар бойында эстетикалық талғамды туғызу және оны қалыптастыру
- D) Экологиялық тәрбие беру
- E) Эстетикалық ойын дамыту
- F) Экскурсия жүргізушісі экскурсанттарға қоршаған ортаның кез-келген бөлшегінен әсемдікті сезіндіру

16. Табиғат экскурсияларына дайындық мәселелері:

- A) Экскурсия өткізетін орынның саздылығы
- B) Экскурсияны өткізуге жіберетін бюро
- C) Экскурсия мазмұнының тереңдігі
- D) Арнайы табиғат қорғау мекемелерінің ережелерімен танысу
- E) Туроператор кеңесшісінің шешімі
- F) Тақырыпты ашпау

17. В.П. Максаковский бойынша «Географиялық мәдениет» ұғымы:

- A) жүйелілік құрылымдық
- B) саяси
- C) әлеуметтік
- D) әлемнің географиялық бейнесі
- E) географиялық бағыт

18. Географиялық қабық туралы білімді жүйелеу:

- A) Ықпал жасайтын факторларды анықтау
- B) Салыстырып қорытынды жасау
- C) Оқулықтағы тақырыптық суреттермен жұмыс
- D) Географиялық қабықты жоспар бойынша сипаттау
- E) Логикалық-құрылымдық сұлбасын жасау арқылы тақырып мәтінінің мазмұнын айту

19. Материктер мен мұхиттар географиясы оқулығында оқушылар танысады:

- A) Халықтың саны мен нәсілдік құрамын
- B) Табиғат кешендерінің алуантүрлігі және олардың таралуымен
- C) Жердің табиғаты мен халқын
- D) Табиғат кешендерінің алуантүрлігі және олардың таралуымен
- E) Жер табиғатының басты ерекшеліктерімен

20. Географияны оқыту әдістемесінің теориялық әдістері:

- A) Мектеп құжаттарын тексеру арқылы талдау
- B) Сауалнама жүргізу арқылы талдау
- C) Логикалық-дидактикалық талдау
- D) Бақылау жүргізу арқылы талдау
- E) Типологиялық тұрғыдан талдау
- F) Өңгімелесу арқылы талдау
- G) Зертханалық жұмыстар арқылы талдау

21. Педагогикалық эксперимент:

- A) Гипотезаны бақылауға бағытталған іс шара
- B) Жаңа педагогикалық технологияларды апробациялау үшін қолданылады
- C) Оқу процесінің теориялық базасы болып саналады
- D) Байқаулар жүргізу
- E) Оқытудағы теориялық мәселелерді шешеді
- F) Модельдеу
- G) Нақты оқу тапсырмаларын шешуде қолданылады

22. Елдегі білім беру жүйесінің модернизациялануына сәйкес, қазіргі заманғы мектеп географиясындағы білімнің жаңару бағыттары:

- A) Жердің заңдылықтарын түсіндіретін ғылыми білім
- B) Саяси біліммен байланыстылығы
- C) Техникалық білімдермен байланыстылығы
- D) Әлеуметтік біліммен байланыстылығы
- E) Жаңа Мемлекеттік білім үлгісінің қабылдануы
- F) Білімнің жекелей жағдайда алынуы
- G) Білімнің «өзегі» мен негіздік деңгейінің бөлінуі
- H) Білімнің ашықтығы, білімді әртүрлі жағдайда алу мүмкіндігі

23. «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсы оқытуда оқу жұмысын географиялық мазмұнына қарай біріктіруге болады:

- A) Табиғат жайында жалпы сипаттама беру
- B) Материктердің табиғат кешендері компоненттерінің құрамды бөліктерін сипаттау
- C) Аумақтардың географиялық орнын және табиғат компоненттерін сипаттау
- D) Материктерді бақылау және саралау
- E) Табиғат кешендерін топтастыру
- F) Жырларды сипаттау және сараптау
- G) Өлкетанулық сипаттама жасау

24. Қазақстанның физикалық географиясы оқулығындағы, табиғат зонасы тақырыбына арналған оқушылардың өз бетімен жүргізетін іс-әрекеттері:

- A) Аймақтық-әкімшілік бөлінуді сипаттайды
- B) Аймақтық шолу жасайды
- C) Нысандарға анықтама береді
- D) Табиғат зоналарына ықпал жасайтын факторларды анықтайды
- E) Қазақстан аумағына тән табиғат зоналарын анықтайды
- F) Табиғат зонасына климаттың әсерін бағалайды

25. Өндірістік факторлардың құрамдас бөліктері:
- A) Сарқылатын ресурстар
 - B) Инвестициялық ресурстар немесе капитал
 - C) Жер ресурстары немесе жер
 - D) Пайдалы қазбалар
 - E) Пайдалы ресурстар

**Географияны оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбиенің объективті және субъективті факторлары:

- A) Оқушыға әсер етуі (психологиялық жағдайда адамгершілік нормалары)
- B) Тәрбиеленушінің жеке биологиялық ерекшеліктері
- C) Мінез-құлық, тәртіптілік
- D) Тұқымқуалаушылық
- E) Тәрбиелік іс-шаралар
- F) Баланың қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі

2. Оқушылардың жеке басын зерттейтін әдістер:

- A) топтық ойындар
- B) ұжымдық талқылау
- C) сауалнама
- D) дедукция
- E) эксперимент
- F) тәжірибе алмасу
- G) жаттығу

3. Педагогикалық қолдау әрекетінің мәні:

- A) Өз проблемаларын шеше білу әдістерін меңгеруіне көмектесу
- B) Баланың көмек пен қолдау көрсетуге келісімі
- C) Қайырымдылық және бағалаусыздық
- D) Мектепте жүргізетін қоғамдық жұмыстарға жауап береді
- E) Өз проблемасын шешуде басымдық бала жағында болуы
- F) Жариялылық принципінің сақталуы

4. Мектептегі тәрбие жұмысы жоспарының түрлері:

- A) сабақ жоспары
- B) мектептің тәрбие жұмысы жоспары
- C) сынып жетекшісінің жоспары
- D) тақырыптық жоспар
- E) тәрбиелік іс – шараның жоспары

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Тәрбиелік
- B) Дамытушылық
- C) Ұйымдастырушылық
- D) Бағыттау, анықтау
- E) Ағартушылық
- F) Түзету, ұйымдастыру
- G) Білімділік

6. Сынып жетекшісінің функциялары:

- A) Ашық есік күндерін өткізу
- B) Мереке ұйымдастыру
- C) Балалардың дамуын диагностикалау
- D) Отбасы өміріне ретсіз араласу
- E) Ұжымды топтастыру
- F) Практикаға енгізу
- G) Инновациялықты жасау

7. Жарыстың ықпалы:

- A) Кез-келген жолмен бірінші болу
- B) Басқару әдісі
- C) Тәрбиешімен бірге кез келген тапсырманы орындау
- D) Іс-әрекетке ынталандыру әдісі
- E) Бала қабілеттілігін арттыру
- F) Бала мүмкіндігін ашу

8. Тәрбиесі қиын балалар:

- A) Физикалық жағынан толық дамымайды
- B) Педагогикалық үдерісіне кері әсер етеді
- C) Жалғыздық сезімін мүлде сезінбейді
- D) Сабақты жақсы қабылдайды
- E) Ұрыс-керіс жағдайының басталуына ықпал етеді
- F) Жаңа жағдайға бейімделу жоғары болады

9. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Тәрбие ережелерінің жиынтығы
- B) Тәрбие барысында шешілуге қажетті міндеттер
- C) Тәрбие ықпалдарының тізбектестігі, жүйелілігі, беріктілігі және үздіксіздігі
- D) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- E) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу

10. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Қоғамның пайда болуына тән қасиет
- B) Ережелер жүйесі
- C) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
- D) Рухани жағынан үнемі жетілу және баюуда көпсалалы процесс
- E) Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту
- F) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- G) Басшылыққа алынатын мәселе

11. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Өзін-өзі тәрбиелейді
- B) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- C) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- D) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті
- E) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- F) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді

12. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Мақсат қою, ұйымдастыру
- B) Даярлау, істердің салдарын талдау
- C) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- D) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- E) Тәрбие ісін өткізу, нәтижелерді бағдарлау
- F) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау

13. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру
- B) Мұғалімдер ұжымның өзара педагогикалық әрекетін қолдау
- C) Оқушының дара даму ерекшелігін танып-білу
- D) Қызығушылығын ояту
- E) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру
- F) Баланы әртүрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру

14. Салауатты өмір салтын құруға қатысты дәрігерлердің берген кеңесі:

- A) Таза суды пайдалану
- B) Басты тік ұстау
- C) Ішкі жан дүниеге үңілмеу
- D) Күн сәулесін пайдалану
- E) Аяқты бір-біріне айқастырмау
- F) Сабақта ойын элементтерін пайдалану

15. Жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылатын кәсіптік бағдар және мамандық таңдау жұмысының кезеңдері:

- A) Екінші кезең – V-VII сыныптарда
- B) Бірінші кезең – I-IV сыныптарда
- C) Үшінші кезең – VIII, X-XI сыныптарда
- D) Алтыншы кезең – I-IX сыныптарда
- E) Төртінші кезең – III сыныптарда
- F) Жетінші кезең – I -XI сыныптарда
- G) Бесінші кезең – XII сыныптарда

16. Отбасымен жүргізілетін тәрбие жұмысының түрлері:

- A) Отбасы мен мектептің балаға қойылатын талаптарының жоспарын құру
- B) Ата-аналарды пән мұғалімдерімен таныстыру
- C) Ата-аналар жиналысы
- D) Педагогикалық білімдер университеті
- E) Лекторий

17. «Атамекен» бағдарламасына еңбейтін бағыттар:

- A) «Құстар», «Балапандар»
- B) «Шаһар», «Жібек жолы»
- C) «Шежіре», «Қасиет»
- D) «Наурыз»
- E) «Кітап», «Көрме»

18. Педагогикалық зерттеудің түрлері:

- A) Дербестік, айтқан сөзде тұру, сыпайлылық
- B) Шыншылдық, демократиялық, ізгілік
- C) Бәсекеге қабілеттілік, тапқырлық, ынтымақтастық, өзбеттілік
- D) Қалыпты
- E) Қалыптастырушы
- F) Демократиялық, ашық қарым-қатынас, ынтымақтастық, дербестік, жауапкершілік
- G) Лабораториялық

19. Құндылық-бағдарлы іс-әрекетті ұйымдастыру формасы:

- A) Ғылыми-танымдық мақалаларға шолу
- B) Туристік жорықтар
- C) Көркемөнерпаздар концерті
- D) Кәсіби бағдар беру
- E) Емтихан тапсыру

20. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) тәрбиелік жағдаяттар
- B) әңгіме
- C) этикалық әңгіме
- D) үйрету
- E) мектептегі әдістемелік кеңес

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- B) жарыстар өткізу
- C) этикалық әңгіме талдату
- D) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- E) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- F) пікір аясын кеңейту

22. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- B) мектеп Жарғысының мазмұнына
- C) тұқымқуалаушылыққа
- D) қаржы көздеріне
- E) оқыту мерзіміне

23. Тәрбие, адамды сүйеге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) үдерістің аса қарқындылығына
- B) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- C) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- D) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- E) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне

24. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- B) кештер
- C) клубтар
- D) сынып сағаты
- E) үйірмелер
- F) балалар лагері
- G) тәрбие тұжырымдамасын жасау

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
 - B) Биологиялық ерекшеліктері
 - C) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
 - D) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
 - E) Еркіндік, жеке басының қадірі
 - F) Саналылық, жауапкершілік
 - G) Тәрбие гуманизациясы

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жаратылыстану

1. Адам санасынан тыс, тәуелсіз болатын бізді қоршаған шынайы орта:

- A) географиялық қабық
- B) ландшафттық қабық
- C) биогеоценоз
- D) табиғат
- E) биоценоз

2. 19 ғасырдың ортасында креационисттік жорамалға балама концепция:

- A) Панспермия
- B) Стационарлық жағдай жорамалы
- C) Биохимиялық эволюция
- D) Креационисттік
- E) Жердегі ғарыштық тіршіліктің пайда болуы
- F) Тіршіліктің өлі заттан пайда болуы

3. Табиғат туралы ғылымдардың жүйесі, жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы:

- A) геология
- B) жаратылыстану
- C) география
- D) философия
- E) физика
- F) қазіргі жаратылыстану концепциясы
- G) жаратылыстануды оқытудың әдістемесі

4. Кеңістік пен уақыт типтерінің негізін салушылар:

- A) К. Ясперс
- B) Р. Брэдбери
- C) Дж. Эмсли
- D) Л. Пастер
- E) Н.А. Бернштейн

5. Уақыттың қасиеттері:

- A) Жануарлар түрлерінің ауысуы
- B) Үш өлшемділігі
- C) Қайтымдылық
- D) Біртектілік
- E) Шексіздігі
- F) Кері қайтымсыз

6. Кеңістік туралы көріністі дамытуда еңбектері маңызды:

- A) Максвелл
- B) Вьясадев
- C) Н.И. Лобачевский
- D) Аристотель
- E) Эвклид
- F) И. Ньютон

7. Күшті әрекеттесу:

- A) Сел ағу үдерістеріне әсер етпейді
- B) Атом ядросының маңында айналады
- C) Іргелі әрекеттестікпен болып табылады
- D) Атом және молекулалардың арасында негізгі болып табылады
- E) Протонның ішінде кварктерді ұстап тұрады
- F) Өлшемсіз тұрақтылыққа ие
- G) Макроскопиялық көріністерден бақыланады

8. Алыс қашықтықтағы бүкіл микроденелерге әсер ететін күштер:

- A) электромагниттік
- B) тарту
- C) магниттік өзара әрекет ету
- D) магниттік
- E) гравитациялық
- F) күшті өзара әрекет ету
- G) әлсіз өзара әрекет ету

9. Өлі табиғат туралы ғылымдарда материяның ұйымдасуының құрылымдық деңгейлері:

- A) әлем
- B) жер
- C) элементарлық бөлшектер
- D) биосфера
- E) географиялық қабық
- F) метагалактика

10. Жұлдызды жүйенің құрамы:

- A) Әлем
- B) Өте қуатты жүйе
- C) Метагалактика
- D) Күн жүйесі
- E) Микроәлем
- F) Мегадүние
- G) Ғарыш

11. Ғарышнама (космология) тұжырымдамасының іргесін қалаушылар:

- A) А. Эйнштейн
- B) Э. Хаббл
- C) Н. Коперник
- D) О.Ю. Шмидт
- E) И.Л. Пригожий
- F) Т. Браге
- G) А. Фридман

12. Юпитерге тән:

- A) құрамында оттегі бар
- B) кең магнитосфера
- C) ені 6 мың км дейін сақиналармен қоршалған
- D) радиациялық баланс
- E) алып ғаламшар
- F) 16 спутник

13. Жерден тек қана телескоп арқылы көрінетін ғаламшарлар:

- A) Шолпан
- B) Меркурий
- C) Плутон
- D) Уран
- E) Нептун

14. Макроэволюция:

- A) Биология саласындағы масштабты тәжірибе
- B) Жаңа таксондардың пайда болуы
- C) Макроэволюция тізбектеріндегі бір бөлік
- D) Кезекті микроэволюциялардың жиынтығынан тұрады
- E) Геологиялық кезеңдераралығында жүреді

15. Микроэволюция:

- A) Кезекті микроэволюциялардың жиынтығынан тұрады
- B) Макроэволюция тізбектеріндегі бір бөлік
- C) Биология саласындағы масштабты тәжірибе
- D) Макроэволюциямен қатар жүретін процесс
- E) Жаңа биологиялық түрлердің құрылуымен байланысты

16. Эволюциялық триада:

- A) тұрақтылық
- B) тұқымқуалаушылық
- C) жинақтау
- D) сұрыптау
- E) ген
- F) физиология
- G) жеңілдену

17. Фенотипке жатады:

- A) мінез-құлықты ерекшеліктер
- B) психикалық құрылым
- C) ДНК генаралық учаскесі
- D) геном
- E) физиология

18. Популяция санының өсуінде сыртқы жағдайлар тежейтін фактор болғанда, әкеп соғады:

- A) бәсекелестікке
- B) өзгерістерге
- C) тұраралық бәсекелестікке
- D) жаңа формалардың пайда болуына
- E) түрлік бәсекелестікке
- F) түршілік бәсекелестікке
- G) кең көлемдегі формалардың әртүрлілігінің пайда болуына

19. Нуклеотид құрамында:

- A) биополимерлер
- B) гетероциклдік қосылыстар
- C) сутегі
- D) азот
- E) органикалық және неорганикалық қышқылдар

20. Судың тасып, шаюы әсерінен топырақтың құнарлы бөлігінің азаюы және жоғалып кетуі:

- A) Абразия
- B) Топырақтың эрозиясы
- C) Деградация
- D) Аккумуляция
- E) Дифференциация
- F) Дефляция
- G) Топырақтың бұзылуы

21. Гетеротрофты тірі ағзаларға тән сипаттар:

- A) дамиды
- B) дамымайды
- C) көбейеді
- D) неорганикалық заттармен қоректенеді
- E) баяу қозғалады
- F) оттегісіз өмір сүреді

22. Биосферадағы геохимиялық кедергілер:

- A) Антропогендік
- B) Биогеохимиялық
- C) Механикалық
- D) Физикалық, химиялық
- E) Биологиялық, механикалық
- F) Табиғи

23. Техносфера:

- A) Экологиялық принциптердің үйлесімділігі
- B) Техникалық құралдардың жиынтығы
- C) Тұрақты жүйе
- D) Техникалық жүйелердің жиынтығы
- E) Экожүйенің бір бөлігі
- F) Жалпылама жүйелердің бір бөлігі

24. Қоршаған орта факторлары:

- A) Биологиялық, механикалық
- B) Абиотикалық
- C) Механикалық
- D) Физикалық, химиялық
- E) Геохимиялық

25. Табиғи жағдайлар:

- A) Тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу
- B) Табиғат және географиялық орта
- C) Адамдар тарапынан өзгеріске ұшырамаған ландшафттар
- D) Антропогендік орта
- E) Антропогенді ландшафттар
- F) Халықтың ресурстар бар жерде орналасып, әрекет етуі

Жаратылыстану
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ